

«Алтын ұя» жеке балабақшасы

Мерекелік іс-шаралары

«Балапан тобы»

2025-2026 оқу жылы

**«Республика ерікті ел-Қазақстан» атты
25 қазан Республика күніне арналған
ертеңгілік**

Мақсаты: Балалардың Отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту. Балаларды Отанды сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін арттыру. Балаларды достыққа, адамгершілікке, саналыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Ту, Елтаңба, ұлы тұлғалардың суреттерін ілу, Қазақстан Республикасының картасы ілулі тұрған баннер.

Жүргізуші: Біз, қазақ халқы оны ұзақ уақыт аңсадық, арман тілегімізді ғасырлар бойы жырға қосып, тасқа қашадық. Күннен күн келді, аңсаған таң атты, тілегіміз қабыл болып, егемендік алдық. Жүрегімізбен жар салып, жер жаханнан сүйінші сұрадық. Алдағы күннен сенім арттық. Бүкіл ел болып әр жетістігіне балаша қуандық, алар асуымыз алда. Сен мықтылардың қатарындасын. Шарықта, самға, Тәуелсіз Республикаменің! Тек Алға!

Балалар әсем безендірілген топқа музыка әуенімен кіреді. Қолдарына жалауша ұстап шығады.

Қ.Р. Әнұраны орындалады.

Балалар Әнұран орындап болғаннан кейін отырады.

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті қонақтар мен кішкентай бүлдіршіндер, бүгінгі мерекеміз Республика күніне арналған ертеңгілігімізді ашық деп жариялаймыз.

Ендеше алғашқы мерекелік құттықтау сөзі бөбекжай меңгерушісі Мусағалиева.Г.У беріледі.

Еркіндігім
Қасиеттім
Қастерлім
Өзің барда өзегімде жоқ шер мұң
Кеше сенің келбетіңді арман ғып
Боданына бұғауландық басқа елдің
Бабалардың басын тігіп бәйгеге
Аналардың жанарына жас бердің
Уа, Еркіндік, қош келдің

Патриоттық би (түгел топ балалары)

Ән «Мен бақытты баламын» (түгел топ балалары)

Ойын: «Аспанда күн сөнбесін» Балалар көк түсті матаның үстіне күн мен шуақтарын жинап бейнелеу керек.

Жүргізуші: Бүгінгі мерекелік ертеңгілігімізді аяқтай отырып, бүкіл дүниежүзіне бейбітшілік тілейміз, аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын-дейміз! Сау болыңыздар!

Анықтама

Өткен күні: 23.11.2025 жыл.

Тобы: «Балапан» кіші тобы

Мақсаты: Балалардың Отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту. Балаларды Отанды сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін арттыру. Балаларды достыққа, адамгершілікке, саналыққа тәрбиелеу.

Қатысушылар саны: 18

Қатысқан тәрбиешілер саны: (бөбекжай меңгерушісі-1)



16 желтоқсан «Тәуелсіздік күніне» орай «Елімнің тәуелсіздігі» атты

ұйымдастырылған іс-әрекет

Бекболат Тілеухановтың «Елім менің» әнімен балалар кіреді.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар! «Елімнің тәуелсіздігі» атты ұйымдастырылған іс-әрекетімізге қош келдіңіздер!

Барша халық таныған

Біздің үміт тілекті

Шырқалғанда әнұран

Шаттық кернер жүректі

Әнұранды орындау (барлығымыз)

Жүргізуші: Балалар біздің Отанымыз қалай аталады?

Хормен: Қазақстан

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар! Дұрыс біздің еліміз өте бай, үлкен, тәуелсіз мемлекет. Жеріміздің үлкендігі соншалық бүкіл ауыл-аймақ, аудан, қала, облыстар сыйяды. Олай болса сол ауылдағы ата-әжелерімізге қонаққа барып қайтайық.

Ән: «Қошақаным әні»

Жүргізуші: Ой, қандай керемет ән! Жарайсыңдар, балалар! Енді балалар ойын ойнайықшы.

Ойын: (Екі үлкендеу қорапшаға балалар түсіне сәйкес кішкентай доптарды салу қажет.

Қорапшалардың үстінде көк түсті бұлт пен сары түсті күннің суреті бейнеленген, сол түстерге сәйкес балалар доптарды салу керек.)

Жүргізуші: Жарайсыңдар! Қандай ақылды балаларсыңдар! Балалар енді «Отан, отбасы туралы» мақал-мәтелдер білесіндер ме, айтып көріндерші?

-Отан оттан да ыстық

-Отан отбасынан басталады

-Бала-тілі бал

Жүргізуші: Жарайсыңдар! Балалар енді сергіту сәтін жасап жіберейікші

Балалар бәрі бірге: Балабақша үйіміз

Сені жақсы көреміз

Үлкен болып өскенде

Еске алып жүреміз

Саусақтарды қозғаймыз

Жұдырықты соғамыз

Алақанды ысқылап

Шапалақты соғамыз

Жүргізуші: Керемет, балалар, жарайсыңдар! Кішкене болса да сергіп қалсақ, биімізге кезек берейік.

Би: «Алға, Қазақстан!»

Үстел үсті жұмысы: Тәуелсіздікке байланысты балаларға жұмыстар беріледі. Мысалы: қазақтың оюы, Елтаңбасы, Туы, қыраны, тайбұрылы, киіз үйі. Осы суреттерде балалар ермексазбен жоқ жерлерін бүтіндейді.

Жүргізуші: Міне, балалар бүгінгі таңда Қазақстан тәуелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар. Егеменді Қазақстан мемлекетіміз бар. Сендер Отанымыздың ұрпақтарысыңдар. Жақсы, үлгілі, тәртіпті болыңдар! Өз елің мен жеріңді көркейтіп, Қазақстанның намысын қорғайтын келешек ұрпақтың ақылшысы, тірегі сендер болмақсыңдар.

Құрметті қонақтар, Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Еліміздің мықты азаматы мен азаматшасы болыңыздар балалар!

«Еліміздің тәуелсіздігі» атты ертеңгілігімізді тамашалағандарыңызға рақмет!

Анықтама

Өткен күні: 12.12.2025 жылы

Тобы: «Балапан» кіші тобы

Мақсаты: Балаларға Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы түсінік беру, Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімдерін қалыптастыру. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу, танымдық қабілеттері мен белсенділіктерін дамыту.

Қатысушылар саны: 16

Қатысқан тәрбиешілер саны: бөбекжай менгерушісі-1



8 наурыз аналар мерекесіне арналған ертеңгілік.

Мақсаты: мерекелік көңіл-күй құру, Ән және қозғалыс орындаушылық дағдыларын қалыптастыру. Аналар мерекесімен бірге күннің нұрын төгіп келген көктем мерекесінің ерекшеліктерін атай отырып, табиғаттың жаңаруын, құлпыруын балаларға жеткізу. Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер әндер айтады. Ана еңбегін қадірлей біледі.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер, ме құрметті қонақтар, біздің сүйкімді бүлдіршіндеріміздің Аяулы аналары мен ардақты әжелері. Бүгін көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз құтты болсын! **Балапан** тобының «Ана» атты мерекелік ертеңгілігімізді тамашалауға қош келдіңіздер!

Шалқып, тасып әніміз

Жадырасын жанымыз,

Ана, сен құттықтап

Әндетеміз бәріміз! - дей отырып **«Балапан»** тобының балаларының орындауындағы **«Ана деп ән салам»** әнін қарсы алыңыздар

Ән: **«Ана деп ән салам»**

Тақпақтар:

Осы уақытта музыкамен залға Көктем келеді.

Көктем:

Мен көңілді көктеммін,
Бытыр келіп кеткенмін.
Көзін ашып бұлақтың
Түбіне тал еккенмін.
Құстар әнін ала келдім
Жерге кілем жаба келдім.

Жүргізуші: - Сәлеметсіз бе, ару көктем! Біздің балалардың барлығы да әдемі, ал бүгін ерекше көңілді. Ару көктем, біздің шақырумызды қабыл алып мерекемізге келгеніңізге рақмет. Балалар сені көптен күтті. Саған арнап дайындаған әнің қабыл ал.

Ән: « Көктем »

(Өуенмен қызыл телпек кіреді.)

Қызыл телпек: Сәлеметсіздер ме, балалар!

Жүргізуші: - Сәлеметсің бе, Қызыл телпек! Мұнда қайдан жүрсің?

Қызыл телпек: - Әжемнің жағдайын сұрап, құттықтауға бара жатып адасып кеттім. Осы жерден өтіп бара жатып, әуеннің дауысын естіп келдім.

Жүргізуші: Қане балалар, олай болса Қызыл телпекке әжесінің үйіне баруға ойын ойнап көмектесейік.

Ойын: «Гүл құрастыр»

Би: « Қуыршақ биі »

Қызыл телпек: - Балалар, сендер қандай өнерлісіңдер! Мен енді сендермен дос боламын. Балаларды ренжітпеймін.

Жүргізуші: -Балалар, бүгін тек аналарымыздың ғана емес, сонымен қатар әжелеріміздің де мерекесі.

Қызыл телпек әжесін құттықтауға барады екен.

Жүргізуші: - Құрметті әжелер және аналар! Ұлдарымыздың биін қабыл алыңыздар!

Би: «Ұлдар» биі

Қызыл телпек: - Сендер болмасаңдар мен жалғыз қорқып қалар едім. Жақсылық жасап, бір-бірімізге көмектесу ең үлкен бақыт. Әрқашан ата-аналарыңның, тәрбиешілеріңнің сөзін тыңдап жолда абай болыңдар. Маған әжемнің үйіне жол тауып көмектескендеріңе рақмет!

Жүргізуші: - Балалар, сендер ақылды әрі мейірімдісіңдер. Жақсылық жасап Қызыл телпекке көмектестіңдер. Барлық өнерлеріңді көрестіңдер. Енді Қызыл телпекті шығарып салайық. Жолда абай бол, Қызыл телпек!

Жүргізуші:

Ана деген бұл өмірдің бағы ғой

Ана деген бар көңілдің зары ғой

Аналарды құрметтейді бар әлем

Анаң болса бұл өмірде үлкен той

Осымен көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқталды. Көріскенше күн жақсы болсын!

Анықтама

Өткен күні: 05.03.2026 жыл

Тобы: «Балапан» кіші тобы

Мақсаты: Балалардың аналарға, әжелерге деген сүйіспеншілігі мен құрмет сезімін қалыптастыру; 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесінің маңызын түсіндіру. Ән айту, тақпақ оқу, би қимылдарын орындау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту. Көктем мезгілінің ерекшеліктерін таныстырып, табиғаттың жаңаруын сезіндіру, мерекелік көңіл-күй сыйлау және мейірімділікке, сыйластыққа тәрбиелеу.

Қатысушылар саны: 21

Қатысқан тәрбиешілер саны: (бөбекжай меңгерушісі-1)



22 Наурыз мерекесіне арналған «Армысың, өз-Наурыз!»

атты ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы: «Армысың, өз-Наурыз!»

Мақсаты:Тәрбиеленушілерге Наурыз-жыл басы, яғни дін мейрамы емес, ұлт мейрамы екендігін тарихи маңызын түсіндіру. Ата-бабамыздан ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық тәрбие туралы түсінік беру.

Дамытушылық:өлең, мақал-мәтелдер арқылы тілдік қорларын дамыту. Өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Тәрбиелік:Қазақ халқының салт-дәстүрін, тілін, дінін, әдет-ғұрпын сақтауға, қастерлеуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер:Қазақтың киіз үйі, жабдықтары, ұлттық киімдер, ұлттық тәрбие жөнінде нақыл сөздер, наурыз мерекесіне арналған стенд, көрме.

Барысы:1. Ұйымдастыру

2. Іс-шара тақырыбын хабарлап, мақсатымен таныстыру

Тәрбиеші: Жер әлемді жайнатып

Әнші құстар сайратып

Наурыз тойын тойлатып

Ұлыстың ұлы күні келді ағайын

Той құтты болсын! Ақ мол болсын!

Ашық іс-шарамызды ашу үшін балабақша меңгерушісі Мусағалиева.Г.У сөз кезегі беріледі.

Құрметті ата-әжелер, ұстаздар, ата-аналар және де балақайлар! Дәстүрімізге арналған Ұлыстың ұлы күні-Наурыз құтты болсын! Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып, Наурыз тойын тойлатып жаңа жыл келді.

Наурыз- бұл ежелгі түркі халықтарының жаңа жыл мейрамы.

Парсы тілінен аударғанда «Наурыз» сөзі, «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Оны барлық түркі халықтары: қазақтар, қырғыздар, өзбектер, тәжіктер және т.б. атап өтеді. Бұл мейрам күн мен түннің теңелген мерзімі 22 наурыз күніне сәйкес келеді. Наурыз кезінде наурыз-көже дайындалады.

Наурыз белгілері:

- Наурыз айында мал төлдей бастайды. Оны ешкімге сыйға бермейді, сатпайды. «Наурыз төл» депатайды.
- Наурыз күні қар жауса, нұр жауды, жаңа жыл жақсы болады деп қуанған. «Наурызша» депатаған.
- Бұл күні 7 түрлі дәмнен «Наурыз көже» пісіріледі.

Ата-аналарға қойылатын сұрақтар:

1. Төрт түлікті атаңыз (сиыр, түйе, жылқы, қой-ешкі)
2. Аптаның бесінші күні(жұма)
3. Апта күндерін атаңыз (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі)
4. Жұмбақ «Онсыз астың дәмі жоқ, ассыз оның мәні жоқ» (тұз)
5. Сүт тағамдарын атаңыз(сүт, айран, қымыз, шұбат, ірімшік, май, қаймақ, құрт)
6. Ұлттық ойындарды атаңыз (Ақсүйек, Тобық, Ханталапай, Тоғызқұмалақ, Теңге алу, Қыз қуу, Асық ату, Көкпар, Бес тас)

Ұлттық ойындардан көрініс:1. «Арқан тартыс»

2. «Қой көтеру»

Қазақ халқының салт-дәстүрінен көрініс: «Бесікке салу»

Қорытынды:

Тәрбиеші: Ән қосылсың әніңе
Сән қосылсың сәніңе
Ырысты боп жаңа жыл
Бақ дарысын бәріңе
Ой қосылып ойыңа
Бой қосылсын бойыңа
Аман-есен жетейік
Келер Наурыз тойына!

Наурыз құтты болсын! Қазақстанымыз гүлдей берсін!

Барлықтарыңызға жақсы көңіл-күй, ашық аспан тілеймін! Өмірлеріңізде қуантатын сәттер көп болсын! Осымен «Балапан» кіші тобының тәрбиеленушілерінің дайындаған «Армысың, әз-Наурыз!» атты ұйымдастырылған іс-шарамыз аяқталды. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

Құрметті қонақтар Наурыз көжеден дәм алыңыздар!

Осы сәтте «Атамекен» әні орындалып, бәрі дастарханға жайғасады.

Анықтама

Өткен күні: 18.03.2026 жылы

Тобы: «Балапан» тобы

Максаты: Балаларды Наурыз мерекесінің мәнімен таныстыру, ұлттық салт-дәстүрлер туралы түсінік қалыптастыру, қазақ халқының мәдениеті мен әдет-ғұрпын құрметтеуге тәрбиелеу, ұлттық ойындар мен өнерге қызығушылығын арттыру.

Қатысушылар саны: 19

Қатысқан тәрбиешілер саны: бөбекжай менгерушісі-1



12 сәуір «Ғарышкерлер күніне» орай «Ғарыш әлеміне саяхат» атты ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы: Ғарыш әлеміне саяхат

Мақсаты: Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру. Балалардың сөздік қорларын байыту, 12-ші сәуір ғарышкерлер күні туралы түсінік беру, айналаны қоршаған орта жайында білімдерін кеңейту, үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Табиғат сұлулығын сезінуге, оны қорғауға, батылдыққа, адамгершілікке, ұжыммен бірлесіп әрекет жасауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: әңгімелеу, түсіндіру, ой қозғау, көңіл-күйді көтеру, сурет бойынша әңгіме, ойын, қорытынды.

Көрнекілігі: безендірілген топ, тақырыпқа сай суреттер мен ғарышкерлер суреттері.

Сөздік қоры: ғарыш, ғарышкер, ғалам.

Барысы:

Шаттық шеңбері: Армысың асыл күн!

Армысың асыл жер!

Армысың көк аспан!

Армысың достарым!

Жылуыңа жылу қос,

Міне менің қолым!

(Балалар шеңберге жиналып, қызығушылықпен айтады)

Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Бүгін ерекше мереке – Ғарышкерлер күні! Адамдар зымыранмен ғарышқа ұшады. Ғарышта жұлдыздар, Ай және Күн бар. Бүгін біз де ғарышқа саяхат жасаймыз.

Балалар:

Сәлеметсіз бе!

Тақпақтар

1-бала: Ғарышқа ұшамын,

Зымыранға мінемін.

2-бала: Көк аспанда жұлдыз көп,

Жарқырайды түнде кеп.

3-бала: Ай мен Күнді көремін,

Ғарышкер боламын.

Ән: «Зымыран»

(Балаларға арналған кез келген жеңіл ән орындалады.)

Ойын: «Зымыранға отыр»

Ортаға бірнеше шеңбер қойылады.

Жүргізуші: – Зымыран ұшуға дайындалсын!

Музыка қосылып, балалар жүгіреді. Музыка тоқтағанда шеңберге тұрады.

Ғарышқа ұшу

Жүргізуші: Балалар, зымыранға отырайық!

Барлығы бірге:

5, 4, 3, 2, 1 – Ұштық!

(Балалар қолдарын екі жаққа созып, залды айналып жүреді.)

Сергіту сәті

«Ғарышкерлер»

Биікке қол созамыз,

Жұлдыздарды тереміз.

Оңға-солға бұрылып,

Ғарышкер боп жүреміз.

Дидактикалық үстел үсті ойындар ойнатылады.

Би: «Жұлдыздар биі»

(Қарапайым қимылдармен орындалады.)

Жүргізуші: Жарайсындар, балалар! Бүгін біз ғарышқа саяхат жасап, жұлдыздарды көрдік, ойын ойнадық. Болашақта араларыңнан батыл ғарышкерлер шықсын!

Барлығы бірге: «Ғарышкерлер күні құтты болсын!»

Мерекелік әуенмен ұйымдастырылған іс-әрекет аяқталады.

Анықтама

Өткен күні: 09.04.2026 жыл

Тобы: «Балапан» тобы

Максаты: - Балаларға ғарыш, ғалам, жұлдыздар, Ай мен Күн туралы алғашқы түсініктерді беру.

- 12-сәуір – Ғарышкерлер күні туралы мәлімет беру және ғарышкер мамандығымен таныстыру.

- Ғарышқа ұшатын құрал – зымыран туралы білімді кеңейту.

Қатысушылар саны: 10

Қатысқан тәрбиешілер саны: бөбекжай меңгерушісі-1



1 мамыр «Бірлік күніне» орай «Ұлттар достығы» атты ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы: «Ұлттар достығы»

Мақсаты: Балаларға 1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні туралы түсінік беру, достыққа, татулыққа, өзге ұлт өкілдерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Безендірілуі: Қазақстан туы, түрлі ұлттардың қуыршақтары немесе суреттері, шарлар, гүлдер

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті қонақтар, балалар!

Бүгін біз тамаша мерекеге жиналдық. Бұл – 1 Мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні. Біздің елімізде көптеген ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүреді. Біз бәріміз дос болып, бір-бірімізді сыйлаймыз.

Шаттық шеңбері:

Балалар қол ұстасып тұрады.

Барлығы бірге: Күннің көзі ашылсын,

Көкке шуақ шашылсын.

Құтты қонақ келіпті,

Төрімізге еніпті.

Амандасып алайық,

Бәріміз дос болайық!

Тақпақтар

1-бала: Бақытты елде тұрамыз,

Бәріміз дос боламыз.

2-бала: Бірлік күні бүгінгі,

Қуанышқа толсын күн.

3-бала: Тату-тәтті жүреміз,

Дос болып біз күлеміз.

4-бала: Қазақстан – Отаным,

Мақтанамын мен соған.

Ән: «Достық» немесе «Біз бақытты баламыз»

(Балалардың жас ерекшелігіне сай ән орындалады.)

Ойын: «Досыңды тап»

Балалар музыка әуенімен билейді. Музыка тоқтағанда жұптасып қол ұстасады.

Жүргізуші: – Достарымызды тауып алдық па?

Балалар: – Иә!

Сергіту сәті

Қолымызды созайық,

Досымызға ұқсайық.

Оңға қарап күлейік,

Солға қарап күлейік.

Тату-тәтті болайық!

Би: «Достық биі»

(Қарапайым қимылдармен орындалады.)

Ойын: «Гүлге көбелектерді қондыр»

Балалар түрлі түсті гүлдерге түсіне сай көбелектерді жинайды.

Қорытынды

Жүргізуші: Балалар, бүгін біз достық пен бірлік туралы айттық. Бірлік бар жерде – береке бар. Әрқашан тату болып жүрейік!

Барлығы бірге: Бірлігіміз жарасқан, Қазақстан жасасын!

Мереке көңілді әнмен аяқталады.

Анықтама

Өткен күні: 30.04.2026ж

Тобы: «Балапан» кіші тобы

Максаты: Балаларға 1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесінің маңызын түсіндіру, ұлттар арасындағы достық пен татулық туралы түсініктерін қалыптастыру, өзге ұлт өкілдеріне құрметпен қарауға, бірлікке, сыйластыққа және достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Қатысушылар саны: 18

Қатысқан тәрбиешілер саны: бөбекжай меңгерушісі-1, тәрбиешілер-2



7 мамыр «Отан қорғаушылар күніне» орай «Ел қорғаны-ерлерім» атты ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы: «Ел қорғаны-ерлерім!»

Мақсаты: Балаларға Отан қорғаушылар күні туралы қарапайым түсінік беру, Отанға деген сүйіспеншілікке, батылдыққа, ержүректілікке тәрбиелеу. Әкелерге, аталарға құрмет сезімін қалыптастыру.

Көрнекіліктер: Қазақстан Республикасының Туы, әскери техника суреттері, жалаушалар, шарлар, батырлар туралы суреттер.

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті қонақтар және балалар!

Бүгін біз 7 Мамыр – Отан қорғаушылар күні мерекесін атап өтеміз. Отанымызды қорғайтын сарбаздарымыз, батыр ағаларымыз бар. Біз оларды мақтан тұтамыз.

Шаттық шеңбері

Біз бақытты баламыз,

Күліп-ойнап жүреміз.

Отанымды сүйемін,

Ер жетсем қорғаймын!

Тақпақтар

1-бала: Отаным – алтын бесігім,

Аялаған есігім.

2-бала: Әкем менің батыр ғой,

Мақтан етем шатыр бой.

3-бала: Өскенде мен ер болып,

Елімді қорғаймын.

4-бала: Көк туымды көтеріп,

Қызмет етем еліме.

Ән: «Отаным» немесе «Әскерлер әні»

(Балалардың жас ерекшелігіне сай орындалады.)

Ойын: «Жалаушаны жеткіз»

Екі топқа бөлінген балалар жалаушаны бір-біріне жеткізіп жарысады.

Жүргізуші: – Нағыз сарбаздар шапшаң әрі епті болады. Қане, кім жылдам екен?

Сергіту сәті

Сап түзейміз түзу боп,

Жүреміз біз тізіліп.

Оңға бұрыл, солға бұрыл,

Сарбаз болып жүрейік!

Ойын: «Нысанаға дәл түсір»

Балалар жұмсақ доптарды себетке немесе белгіленген нысанаға лақтырады.

Жүргізуші: – Батырлар көздеген жеріне дәл тигізеді!

Би: «Сарбаздар биі»

(Марш әуенімен қарапайым қимылдар жасалады.)

Әкелерге арналған құттықтау

Балалар бірге:

Қымбатты әкелер, аталар!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Дендеріңіз сау, отбасыларыңыз аман болсын!

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар! Сендер батыр, епті, шапшаң екенсіңдер. Әрқашан Отанымызды сүйіп, еліміздің мақтанышы болып өсіңдер!

Барлығы бірге:

Отанымыз аман болсын!

Еліміз тыныш болсын!

Мереке көңілді марш әуенімен аяқталады.

Анықтама

Өткен күні: 07.05.2026ж

Тобы: «Балапан» кіші тобы

Мақсаты: Балаларға 7 Мамыр – Отан қорғаушылар күні мерекесі туралы түсінік беру, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру. Батылдыққа, ержүректілікке, елін құрметтеуге тәрбиелеу, әкелер мен аталардың еңбегін бағалауға, үлкендерді сыйлауға баулу.

Қатысушылар саны: 17

Қатысқан тәрбиешілер саны: бөбекжай меңгерушісі-1

